



KASE АПТАЛЫҒЫ

29 Қыркүйек – 02 Қазан, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2025 жылдың қазан айына арналған өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарының бағалы қағаздарының тізімдері [қалыптасты](#).
- Маркет-мейкерлер қызметінің [ережелеріне](#) өзгерту енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [XS3189694345](#) (BTRKe2) халықаралық облигациялары, "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00015688](#) (MFLGb21) және [KZ2P00015696](#) (MFLGb22), [kz2p00015381](#) (ncomb8) "Fincraft Group" ЖШС және "онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ облигацияларының [төрт шығарылымы](#).
- KASE-де BI Development Ltd. жеке компаниясының [KZ2D00015328](#) (BIGDb6), "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС [KZ2P00015506](#) (CLSGb8), "Birinshi Lombard" ЖШС [KZ2P00013311](#) (MFBLa6) және [KZ2P00014202](#) (MFBLa7), [KZ2P00014459](#) (MFMOB29), "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ ЖШС, Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00014982](#) (Eabrb56) облигацияларымен және Азия даму банкінің [XS3145682491](#) (ASDBe21) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00014251](#) (MFLGb17) облигациялары "таза" бағамен сауда тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "Tansar Capital" АҚ "Кселл" АҚ-ның KZ1C00000876 (KCEL) жай акциялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "BCC Invest" АҚ BI Development Ltd. жеке компаниясының KZ2D00015328 (BIGDb6) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Alatau City Invest" АҚ "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның KZ2C00013936 (BTRKb24) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Halyk Finance" АҚ-ға "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ның HK0001185674 (BRKZe21) халықаралық облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "KASE Клиринг орталығы" АҚ "қор" санаты бойынша KASE мүшелігіне [қабылданды](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Еуразиялық Даму Банкі KZ2D00014982 (EABRb56) облигацияларын орналастыру арқылы 69,5 млн юань [тартты](#).
- "Еуразиялық Даму Банкі KZ2D00014982 (EABRb56) облигацияларын орналастыру арқылы 69,5 млн юань [тартты](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KASE-ге жазылым арқылы XS3189694345 (BTRKe2) бес жылдық халықаралық облигацияларын орналастыра отырып, \$34,7 млн [тартты](#).
- "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ KZ2C00015071 (PRKRb11) облигацияларын орналастыру арқылы 501,3 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00010809 (KFUSb71) облигацияларын орналастыру арқылы 11,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00012144 (KFUSb87) облигацияларын орналастыру арқылы 9,2 млрд теңге [тартты](#).
- Шымкент қаласының әкімдігі KZSJ00000176 (SHK120_017) облигацияларын орналастыру арқылы 7,1 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылғы 23-29 қыркүйек аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Moody's Ratings агенттігі қоғамның рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Самұрық-Энерго" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғамның рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Робокэш.кз" МҚҰ ЖШС микрокредиттер беруді екі айға [тоқтатады](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ еурооблигациялар шығарылымын халықаралық және жергілікті нарықтарға [орналастырды](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ өзінің US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасының басталғаны туралы [хабарлайды](#).
- "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС "Транзит" АЖ технологиялық дайындығы туралы [хабарлайды](#).


03.10.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	7 160,19	0,2	0,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы			
для построения таблицы			
	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Pfizer Inc.	27,9	15,2	12,4
Advanced Micro Devices, Inc.	168,2	6,3	5,4
NVIDIA Corp.	187,5	6,0	10,9
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	28 903,0	5,0	17,5
Intel Corporation	37,5	4,4	54,8
PayPal Holdings Inc.	69,2	3,7	1,2
АО "КазТрансОйл"	869,9	2,7	7,4
Microsoft Corporation	520,1	2,6	2,7
Apple Inc.	258,9	1,7	13,0
АО "Народный Банк Казахстана"	362,8	1,5	1,1
АО "Эйр Астана"	824,8	1,5	10,3
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	22 099,9	1,4	10,3
АО "KEGOC"	1 482,0	1,2	2,9
АО "Кселл"	3 309,9	0,1	2,6
Freedom Holding Corp.	173,0	0,1	1,7
АО "Казхателеком"	39 500,0	0,6	3,6
Tesla, Inc.	428,1	0,7	29,8
АО "KM GOLD"	65,5	1,2	3,5
АО "Банк ЦентрКредит"	5 070,0	2,3	6,7
Bank of America Corporation	50,9	2,4	1,3
АО Kaspi.kz	45 598,0	4,6	9,9
AT&T Inc.	27,1	4,7	7,8
АО "ForteBank"	16,3	12,4	29,3

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі кезекті тарихи максимумға жетіп, 7 240 тармақтан асты. Жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында ол 7 160 тармақ белгісінде тіркелді.

Эйр Астана авиакомпаниясы 23-29 қыркүйек аралығында кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы \$9,9 мың болатын 1,6 мың жаһандық депозитарлық қолхат кері сатып алғанын хабарлады. Тасымалдаушының акциялары бір апта ішінде 1 %-ға өсіп, 824 теңгені құрады.


Халық банкі өзінің жаһандық депозитарлық қолхаттарын сатып алу бағдарламасының басталғанын жариялады. Осы бағдарлама аясында Халық Банкі Citigroup Global Markets Limited компаниясына жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бойынша тәуекелсіз принципал ретінде әрекет етуді тапсырды. Citi банктің атынан жалпы сомасы 50 миллион доллардан аспайтын жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алады, содан кейін оларды Халық Банкіне қайтарады. Бұл ретте сатып алынатын жаһандық депозитарлық қолхаттардың жалпы саны Банктің орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 1 %-нан аспайды. Бір апта ішінде Халық банкінің акциялары 2 %-ға өсті.

Осы уақытта ҚазМұнайГаз "Zhyloi Operating" ЖШС-нің 50 % үлесіне ие болды, оның қызметі геологиялық барлау мен іздестіруге байланысты. Компанияның акциялары бір апта ішінде 1 %-ға өсті.


Қазақтелеком өткен аптада 2025 жылдың 14 қарашасында акционерлердің кезектен тыс жиналысының өткізілетіні туралы хабарлады. Телекоммуникациялық компанияның акциялары бір апта ішінде 1 %-ға төмендеді.

Ақша нарығында TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі төмендеді және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,72 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 11,13 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,9 %-ға, бір АҚШ доллары үшін 549,07 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 217 млн АҚШ долларынан 248 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында Ұлттық қордан валютаны сату 500 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 9,6 %-ға немесе күніне шамамен 24 миллион АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша, күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қыркүйек айында 290 млрд теңге стерилизацияландырылды. Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айна шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.


Ұлттық Банк тамыз айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 378 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қыркүйек айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қазан айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

03.10.2025

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 715,79	1,1	4,1	17,8	1,0
 Dow Jones	46 758,28	1,1	3,3	11,3	1,0
 PTC	1 001,86	-2,5	-10,3	8,6	
 MMBB	2 604,55	-4,5	-9,2	-6,4	
 Hang Seng	27 140,92	3,9	7,1	22,7	4,0
 SS CSI 300	4 640,69	2,0	4,1	15,5	1,9
 Euro Stoxx 50	5 651,71	2,8	6,1	14,8	2,8
 FTSEuroFirst	6 323,50	2,4	5,5	13,8	2,5
 FTSE 100	9 491,25	2,2	3,4	14,6	2,2
 KASE	7 160,19	0,2	0,4	40,7	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	64,53	-8,0	-4,5	-16,9
Мұнай (WTI)	60,88	-7,4	-4,8	-17,4
Табиғи газ	3,32	17,2	8,5	11,9
Мыс	510,90	8,3	12,1	12,2
Темір	799,50	-1,7	-1,7	0,9
Алтын	3 886,54	3,4	9,2	46,1
Күміс	47,97	3,8	15,5	47,7
Астық	515,25	-0,9	2,2	-14,6

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
08.10 Шикі мұнай қоры	USD		1,792M
08.10 FOMC хаттамаларын жариялау	USD		
09.10 ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі	USD		
09.10 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	223K	218K
10.10 Ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (қырк.)	USD	52K	22K
10.10 Жұмыссыздық деңгейі (қырк.)	USD	4,3%	4,3%
10.10 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк.)	RUB		8,1%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,9%	01.10.25	12,2%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	54,3	01.09.25	52,1
Ақша базасы, млрд KZT	14 687,1	01.08.25	14 019,2
Ақша масса, млрд KZT	41 189,3	01.08.25	46 895,6


Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	23.08.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.